

«БЕКІТЕМІН»
«Балаларды ерте дамыту
институты» РХБМ директоры
М.Е. Адамова
« 14 » _____ 2023 ж.



«Әкем – асқар тауым» байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Әкем – асқар тауым» байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** қазақ халқының дәстүрлі спорттық ойын әрекетіне баулу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулыққа және салауатты өмір салтына деген қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыру.

1.4. Міндеттері:

- білуге құмар, көпшіл, дені сау бала тәрбиелеу;
- ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы мен баланың дербестігін ынталандыру;
- отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру арқылы әрбір баланың әлеуетін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты қалыптастыруға және дамытуға ықпал ету.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары, аудандық бөлімдер.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

1-ші – аудандық (қалалық);

2-ші – облыстық;

3-ші – республикалық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың).

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар

қалалардың және астананың білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Қатысушылардың құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін Байқаудың барлық кезеңдерінде аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 11 адам) деңгейінде басшылардың бұйрығымен Өңірлік байқау комиссиясы құрылады.

2.6. Өңірлік байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Өңірлік байқау комиссиясы Байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді және бағалайды.

2.8. Өңірлік байқау комиссиясының мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға құқылы.

2.9. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына мынадай материалдарды жібереді:

1) облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) байқауға қатысу үшін өтінім (осы Ереженің 1 қосымшасы);

3) екінші кезеңнің қорытындысы бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының Байқау комиссиясының хаттамасы (сканерленген көшірмесі).

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау өлшемшарттарына сәйкес келетін бейнематериал (осы Ереженің 2 қосымшасы).

2.11. Материалдар **«Әкем – асқар тауым»** байқауы атауымен 2023 жылғы «08» желтоқсаннан кешіктірілмей i-rrd2021@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі, көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. «Әкем – асқар тауым» байқауының қатысушыларына қойылатын талаптар

3.1. Бейнероликтер ұзақтығы **3 минуттан (2 жұмыстан артық емес)** аспайтын қызықты кезеңдері мен үздік сәттерін көрсетуі тиіс;

- Байқау ұйымдастырылу кезінде қауіпсіздік ережелері сақталуы тиіс.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, шығармашылық жобаларға қосуға.

3.3. Өтінім болашақта Байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

- I орын;

- II орын;

- III орын.

4.1. Байқау жеңімпаздары «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталады.

4.2. Байқаудың қорытындылары мен байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irtd.kz сайтында және әлеуметтік желілерінің беттерінде жарияланатын болады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 28-09-50

_____ облысынан(қаласы)

«Әкем – асқар тауым» байқауына қатысуға өтінім

МДҰ-ның толық атауы (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Қатысушы баланың ата-жөні, жасы	
Педагогтің аты-жөні	
«Әкем – асқар тауым» байқауына ұйымдастыру барысы туралы бейнематериал орналастырылған YouTube платформасындағы бейненің сілтемесі	
Педагогтің байланыс телефоны	

Өтінімді толтыру күні « ____ » _____ 2023 ж.

Бейнесюжетті рәсімдеуге қойылатын талаптар және бағалау критерийлері (5 ұпай)

Бейнесюжетті рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Байқау тақырыбына сәйкес келетін кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген (жасалған) бейнесюжеттер ұсынылады.

Бейнесюжетке қойылатын талаптар:

Бейне форматы: AVI, MOV, MPEG, MP4.

Бейненің минималды ажыратымдылығы-720 x 480 (12:8 см).

Бейне сюжеттің ұзақтығы – 3 минутқа дейін.

Бейнесюжеттерді бағалау критерийлері:

- қауіпсіздік шараларының ескерілуі;
- ұлттық спорт түрінің заманауи үлгіде көрсетілуі;
- байқаудың берілген тақырыбына мазмұнының сәйкестігі;
- бейне түсіру сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- креативтілік, шығармашылық және дербес ойлаудың көрінісі;
- бейнесюжетті рәсімдеуге қойылатын талаптарды сақтау;
- дыбыстық сүйемелдеудің, бейне эффектілердің болуы.
- дыбыстың сапасы.